

## АНЫҚТАМА

Мектеп: «№16 орта мектебі» КММ

Мерзімі: 2026 жылғы 2 жартыжылдық (қаңтар–наурыз)

Тақырыбы: Пәндік-әдістемелік апталықтар мен жас мамандар онкүндіктерінің өткізілуі және қорытындысы

Мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес 2026 жылдың бірінші және екінші жартыжылдықтарында бірнеше пәндік-әдістемелік апталықтар мен жас мамандарға арналған онкүндіктер ұйымдастырылды. Апталықтардың негізгі мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру, тілдік, физикалық, шығармашылық және эстетикалық дағдыларын дамыту, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу және заманауи білім беру технологияларын енгізу.

1. Ағылшын тілі апталығы («Learn English – change your Future!») – 12–16.01.2026 ж.

Мақсаты: Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, оқу жетістіктерін арттыру, мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру.

Негізгі іс-шаралар:

3–4 сыныптар: «My favourite cartoon character» тақырыбында көрме – сөздік қор мен ауызша сөйлеу дағдылары дамытылды.

5–11 сыныптар: «Reading for Pleasure» қабырға газеттері – мәтінді түсіну, талдау және негізгі ойды анықтау дағдылары жетілдірілді.

Ашық сабақтар: «Daily meals», «Food and drinks», «Our health», «Mystical creatures», «The worth of wealth», «Listeners Panic During the War of the Worlds» тақырыптары бойынша; тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары кешенді түрде дамытылды.

Қолданылған әдістер: Саралау әдістері, қалыптастырушы бағалау (дескрипторлар, өзара бағалау), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Нәтижесі: Оқушылардың пәнге қызығушылығы артты, оқу материалын меңгеру сапасы жақсарды.

2. Эстетикалық цикл апталығы (дене шынықтыру, музыка, көркем еңбек) – 19–24.01.2026 ж.

Мақсаты: Оқушылардың физикалық және эстетикалық дамуын, шығармашылық әлеуетін арттыру, педагогтардың кәсіби тәжірибесін жетілдіру.

Негізгі іс-шаралар:

Дене шынықтыру: ашық сабақтар мен спорттық іс-шаралар (аэробика, волейбол, күш пен төзімділікті дамыту).

Көркем еңбек: бұйымдарды дизайн жасау, заманауи технологиялар мен тоқыма материалдарымен жұмыс.

Музыка: «Музыка в жизни человека» сабағы, «Өнерлі бала» сыныптан тыс шаралары арқылы сахналық мәдениетті қалыптастыру.

Қолданылған әдістер: Қалыптастырушы бағалау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, спорттық инвентарьлар, топтық және деңгейлік тапсырмалар.

Нәтижесі: Оқушылардың шығармашылық, эстетикалық және физикалық қабілеттері дамыды; пәндерге қызығушылық артты.

3. «Магистр апталығы» пәндік-әдістемелік онкүндігі – 16–20.02.2026 ж.

Мақсаты: Магистр дәрежесі бар педагогтердің кәсіби мәртебесін арттыру, шығармашылық және ғылыми-зерттеу әлеуетін көрсету, үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату.

Негізгі іс-шаралар:

«Магистр портфолиосы» – кәсіби даму траекториясы, ғылыми мақалалар, авторлық бағдарламалар.

«Магистр батл» – 7 бағыт бойынша кәсіби шеберлік сайысы: белсенді әдістер, бағалау, кері байланыс, ресурстар жиынтығы, психологиялық ахуал, сабақ мазмұнының құндылығы, ойын технологиялары.

«Магистрдің бір күні» – күнделікті кәсіби қызметін бейнелеп көрсету.

«Magistr Quiz» – командалық интеллектуалды ойын; педагогтердің білім деңгейі, жылдамдық пен командалық жұмыс қабілеттерін бағалау.

Нәтижесі: Магистрлердің зерттеуші, жаңашыл және шығармашыл кәсіби ұстанымы айқын көрінді; мектептегі әдістемелік ортаның сапасы артты.

Ұсыныстар: Үздік тәжірибелер әдістемелік қоржынға енгізілсін, апталықтар дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілсін, жеңімпаз тәжірибесін қалалық/аудандық деңгейде тарату.

4. «Жас маман: Кәсіби өсу жолы» онкүндігі – 2026 жылғы наурыз

Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби бейімделуін жеделдету, шығармашылық әлеуетін арттыру, тәлімгерлермен тәжірибе алмасу.

Негізгі іс-шаралар:

«Менің кәсіби таңдауым» – презентациялар арқылы кәсіби ұстанымдарын көрсету.

«Ашық есік» – сабақтар панорамасы; 4К моделі (коммуникация, креативтілік, коллаборация, сыни ойлау) қолданылады, цифрлық ресурстар арқылы белсенділік артты.

«Тәлімгермен сұхбат» – сабақ жоспарлау мен сыныпты басқару стратегиялары бойынша коучинг.

«Жас маманның бір күні» – бейнероликтер арқылы сабақ барысы мен тәрбиелік іс-шараларды көрсету.

«Pro-Педагог Quiz» – командалық интеллектуалды ойын.

Нәтижесі: Жас мамандардың әдістемелік дайындығы жоғары деңгейде, инновациялық технологияларды меңгеруге құлшынысы байқалды.

Ұсыныстар: Тиімді әдіс-тәсілдер мектеп әдістемелік қорына енгізілсін, саралап оқыту және кері байланыс бойынша қосымша семинарлар ұйымдастырылсын, апталық нәтижелері мектеп сайтында жариялансын.

Жалпы қорытынды:

2026 жылдың бірінші және екінші жартыжылдықтарында өткізілген пәндік-әдістемелік апталықтар мен жас мамандар онкүндіктері жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды. Апталықтар оқушылардың білім сапасын арттыруға, тілдік, физикалық және шығармашылық дағдыларын дамытуға, педагогтердің кәсіби өсуіне және тәжірибе алмасуына оң ықпал етті.

ДОҒЖО  М.К.Мухамбеталина